

**ISSN: 1814 - 6961**  
**E-ISSN: 2788-9718**

# **ОТАН ТАРИХЫ**

## **ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ**

**Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал**  
**2022, № 3 (99)**

**3 /2022**

**Құрылтайшы:**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым Комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты

**Бас редакторы:**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Абдырахманов Т.А. (Бішкек, Қырғызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Ресей), Аяған Б.Г. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әбусейітова М.Х. (Алматы, Қазақстан), Әбіл Е.А. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Әжіғали С. (Алматы, Қазақстан), Әлімбаев Н. (Алматы, Қазақстан), Жұмағұлов Қ.Т. (Алматы, Қазақстан), Көмеков Б.Е. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Орынбор, Ресей), Мұқтар Ә. (Атырау, Қазақстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смағұлов О.С. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Сыдықов Е.Б. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан), Уяма Томохико (Саппоро, Жапония)

**Жауапты редактор:**

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

**Ғылыми редактор:**

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

**Жауапты хатшы**

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

**Техникалық хатшылар:**

Зікірбаева В.С., Бауыржан С.

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,  
Алматы қ., Шевченко көшесі, 28  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
«Отан тарихы» журналының редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://otan.history.iie.kz>

Тел.: +7 (727) 272-46-54.

E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде  
1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель:**  
Министерство Образования и науки Республики казахстан  
Комитет Науки  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

**Главный редактор:**  
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**  
Абдырахманов Т.А. (Бишкек, Кыргызстан), Аблажей Н.Н. (Новосибирск, Россия), Аяган Б.Г. (Нур-Султан, Казахстан), Абусейтова М.Х. (Алматы, Казахстан), Абил Е.А. (Нур-Султан, Казахстан), Ажигали С. (Алматы, Казахстан), Алимбай Н. (Алматы, Казахстан), Жумагулов К.Т. (Алматы, Казахстан), Кумеков Б.Е. (Нур-Султан, Казахстан), Кудряченко А.И. (Киев, Украина), Любичанковский С.В. (Оренбург, Россия), Мухтар А. (Атырау, Казахстан), Петер Финке (Цюрих, Швейцария), Смагулов О.С. (Нур-Султан, Казахстан), Сыдыков Е.Б. (Нур-Султан, Казахстан), Уяма Томохико (Саппоро, Япония)

**Ответственный редактор**  
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

**Научный редактор**  
Козыбаева Махаббат Маликовна

**Ответственный секретарь**  
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

**Технический секретарь**  
Зикирбаева В.С., Бауыржан С.

**Адрес редакции:**  
050100, Республика Казахстан,  
г. Алматы, ул. Шевченко, 28  
Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова  
Редакция журнала «Отечественная история»

Ссылка на сайт: <https://otan.history.iie.kz>  
Тел.: +7 (727) 272-46-54.  
E-mail: [otanhistory@gmail.com](mailto:otanhistory@gmail.com).

Журнал в Министерстве информации и общественного согласия Республики Казахстан  
Зарегистрирована 9 марта 1998 г., имеет свидетельство N 158-Ж.

При перепечатке статей, съемке на микрофильмах и других копиях обязательно  
делается ссылка на журнал.

**Founder:**

Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan  
Committee of Science  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov

**Chief editor**

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

**Members of editorial board:**

Abdyrakhmanov T.A. (Bishkek, Kyrgyzstan), Ablazhey N.N. (Novosibirsk, Russia), Ayagan B.G. (Nursultan, Kazakhstan), Abuseitova M.H. (Almaty, Kazakhstan), Abil E.A. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Azhigali S. (Almaty, Kazakhstan), Alimbay N. (Almaty, Kazakhstan), Zhumagulov K.T. (Almaty, Kazakhstan), Kumekov B.E. (Nur-Sultan, Kazakhstan), Kudryachenko A.I. (Kiev, Ukraine), Lyubichankovsky S.V. (Orenburg, Russia), Mukhtar A. (Atyrau, Kazakhstan), Peter Finke (Zurich, Switzerland), Smagulov O.S. (Nur-Sultan, Kazakhstan), E.B. Sydykov (Nur-Sultan, Kazakhstan), Uyama Tomohiko (Sapporo, Japan)

**Executive Editor**

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

**Scientific Editor**

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

**Executive Secretary**

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

**Technical secretary**

Zikirbayeva V.S., Bauyrzhan S.

**Editorial office address:**

050100, Republic of Kazakhstan,  
Almaty, Shevchenko str., 28  
Institute of History and Ethnology named after Ch.Ch. Valikhanov  
Editorial board of the magazine «History of the homeland»

Link to the website: <https://otan.history.iie.kz>

Tel.: +7 (727) 272-46-54.

Email address: otanhistory@gmail.com .

Journal in the Ministry of Information and public consent of the Republic of Kazakhstan  
registered on March 9, 1998, has certificate No. 158-Zh.

When reprinting articles, shooting on microfilm and other copies,  
a link to the magazine is necessarily made.

ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ  
MEDIEVAL HISTORY

FTAMP 03.20

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_3\_28

ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ҮДЫРАҒАННАН КЕЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ  
ДАЛА БИЛІГІНЕ ҰМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР  
АРАСЫНДАҒЫ САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ

Ошан Жанымхан<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, Алматы қ., Қазақстан

\*Автор-корреспондент:  
e-mail: zhan918@mail.ru

**Түйіндеме.** Еуразия даласын мекендеген ежелгі тайпаларды зерттеу тамыры тереңде жатқан этникалық тарихымызды айқындау жолындағы игі қадамдардың бірі ретінде бағаланады. Солай дегенмен, ұзақ тарих кез келген этностың бастапқы келбетіне әртүрлі өзгерісті тудырады. Мұндай өзгерістер көбінесе қоғамдағы саяси және мәдени трансформациялық өзгерістердің әсерінен орын алады. Осыған байланысты ежелгі тайпалардың кейбірінің аты тарих бетінен өшіп, мүлде жоғалып кетсе, кейбіреулері жаңа атаулармен белгілі болады, ішінара тайпалар ғана өзінің ежелгі атын сақтап қала алады.

Осындай ежелгі тайпалардың ішіндегі ең әйгілісі – тарихи деректерде сан ғасырлар бойы «Тоғыз татар» деген атпен белгілі түркі тайпасы. Олар Қазақ халқының этникалық тарихының қалыптасу эволюциясын зерттеуде аса маңызды тайпаның бірі болып саналады. «Тоғыз оғыз» аты алғаш рет көне түркі ескерткішінің мәтнінде кездеседі. Онда 715 жылы Түрік қағанатының тарихында орын алған келелі оқиғаға байланысты маңызды мағлұматтар берген. Осыдан бастап олардың аты көп заман бойы сақталып XI ғасырға дейін әдебиеттер бетінен бой көрсетіп келді. Көп өтпей «тоғыз татар» деген осы бір жалпылама атауының орнына жекелеген саяси-этникалық бірлестіктердің атаулары шыға бастады. Бірақ, олардың саяси белсенділігі моңғол дәуірінде түбегейлі аяқтады.

**Кілт сөздер:** тоғыз оғыздар, тоғыз татар, түркі тайпалары, телелер, Енисей қырғыздары, Қочо хандығы, көне түркі ескерткіштері, Дуньхуан жазбалары

МРНТИ 03.20

СТРЕМЛЕНИЯ ТОКУЗ-ТАТАР К СТЕПНОЙ ВЛАСТИ, И ИХ ПОЛИТИЧЕСКОЕ  
МЕСТО И ИСТОРИЧЕСКАЯ РОЛЬ СРЕДИ КОЧЕВНИКОВ  
ПОСЛЕ РАСПАДА ТЮРКСКИХ КАГАНАТОВ

Ошан Жанымхан<sup>1\*</sup>

<sup>1</sup>Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова

\*Автор корреспондент:  
e-mail: zhan918@mail.ru

**Аннотация.** Изучение древних племен, населявших евразийские степи, считается одним из основных шагов к выяснению нашей глубокой этнической истории. Однако длинная история вносит различные изменения в первоначальный облик любого этноса. Такие изменения часто происходят под влиянием политических и культурных трансформационных изменений в обществе. В связи с этим название некоторых древних племен выцветает из истории и исчезает совсем, некоторые известны под новыми именами, только некоторые племена могут сохранять свои древние названия.

Самым известным из этих древних племен является тюркское племя, известное на протяжении многих веков в исторических записях как «токуз-татар». Они считаются одним из важнейших племен в изучении эволюции этнической истории казахского народа. Имя «Токуз-Огуз» впервые появляется в тексте древнетюркского памятника, откуда были получены важные сведения о событии, произошедшем в истории Тюркского каганата в 715 году. С тех пор их название долго сохранялось и появлялось на страницах литературы вплоть до XI века. Вскоре вместо этого общего названия «токуз-

татар» стали появляться названия отдельных политико-этнических объединений. Однако их политическая деятельность полностью прекратилась в монгольскую эпоху.

**Ключевые слова:** Токуз-огуз, токуз-татар, тюркские племена, телэ, Енисейские кыргызы, Государство Кочо, Древнетюркские рунические памятники, Дуньхуанские документы.

IRSTI 03.20

**THE ASPIRATIONS OF THE TOKUZ-TATARS FOR STEPPE POWER,  
AND THEIR POLITICAL PLACE AND HISTORICAL ROLE AMONG THE  
NOMADS AFTER THE COLLAPSE OF THE TURKIC KHAGANATES**

**Oshan Zhanymkhan<sup>1\*</sup>**

<sup>1</sup>Sh. Sh. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan

\*Corresponding-author

E-mail: zhan918@mail.ru

**Abstract.** The study of the ancient tribes that inhabited the Eurasian steppes is considered one of the basic steps toward elucidating our deep ethnic history. However, a long history introduces various changes to the original appearance of any ethnic group. Such changes are often influenced by political and cultural transformations in society. Consequently, the name of some ancient tribes fades from history and disappears altogether, some are known under new names, and only some tribes can retain their ancient names.

The most famous of these ancient tribes is the Turkic tribe, known for many centuries in historical records as “Tokuz-Tatars”. They are considered one of the most important tribes in studying the evolution of the ethnic history of the Kazakh people. The name “Tokuz-Oguz” first appears in the text of an ancient Turkic monument, from which important information was obtained about an event that took place in the history of the Turkic Khaganate in 715. Since then, their name was long preserved and appeared in the pages of literature until the 11th century. Soon the names of separate political-ethnic associations began to appear instead of this common name “Tokuz-Tatars”. However, their political activity ceased completely in the Mongolian era.

**Key words:** Tokuz-Oguz, Tokuz-Tatars, Turkic tribes, Tele, Yenissei Kyrgyz, Gaochang khanate, Ancient Turkic runic monuments, Dunhuang documents.

**Кіріспе.** Түркі дәуірінде әйгілі бола бастаған ежелгі тайпалардың бірі тоғыз татарлар. Олардың аты бірінші мәрте VIII ғасырға жататын түркі руникаларынан кездесті. Ол кезде Селенга өзенінің орта ағысын қоныстанды. 840 жылғы тарихи уақиғадан кейін олар Түркі даласының билігі жолында күресті әрі бірқатар жетістіктерге жетті. X-XI ғасырлар аралығында олардың «мемлекеттік» деңгейіндегі билік құрғаны анықталды. Бірақ, көп өтпей бір-біріне бағына бермейтін биліктер пайда болып даралана түсті. Осы негізде шыт жаңа атпен аталатын тайпа атаулары пайда болды. Олардың кейбірі хандық дәрежелі мемлекеттерін жасақтады, кейбірі ол деңгейге жете алмады. Бұл бытыранды билік моңғол дәуірінің келіп жетуімен аяқталды.

Материалдар мен методология. **Мақала методологиялық жағынан ғылыми жүйелілік пен салыстырмалы талдауға негізделіп, тарихи деректерге, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жазылды.** Зерттеудің негізгі әдісі – тақырыпқа қатысты тарихи дереккөзге ішкі сын пікірлер айту кезінде дереккөзден үзінділер беріп, оларға ғылыми түсініктемелер жасап көрсетіп отырады. **Мақалада зерттеулер хронологиялық және тақырыптық жүйеде топтастырылып, тарихи мәселелер теориялық-әдіснамалық жағынан талданды.**

**Талқылау.** «Тоғыз-татар» аты Екінші түркі қағанаты дәуірінде белгілі болды. Бұл дәуірде олар қағанатының ең негізгі халқы болған Тоғыз-оғыздар қатарында аты аталып, қағанаттың саяси өмірінде өшпез із қалдырды. Тоғыз-татар аты алғаш рет «Білге қаған» ескерткішінде кездесті. Онда Тоғыз-оғыздардың Тоғыз-татарлармен бірлесе отырып Түркі қағанатына қарсы соғысқаны баяндалған (Сартқожа, 2012: 104). Бұл соғыс 715 жылы болған еді. Соғыстың немен аяқталғаны туралы «Білге қаған» ескерткішінде Тоғыз-оғыздар мен Тоғыз-татарларды Ағу деген жерде «Қолын талқандадым, елін алдым» деп жазды. Ескерткіште көрсетілген «Ағу» деген жер Тоғыз-оғыздар мекендеген Селенга өзені маңында болған. Осы және басқа да мәліметке негізделсек тоғыз-татарлардың бұл кезеңдегі қонысы Селенга өзенінен тым шалғайда болмаған немесе тоғыз-оғыздармен қоныстас болған.

Түркі жазбаларындағы тоғыз-татар туралы дерек Ұйғыр қағанаты құрылу және қалыптасу тарихы жазылған әйгілі ескерткіштерге де жазылған. Мұнда 752-753 жылы тұрғызылған «Теркін» ескерткіші

және 760 жыл шамасында түрғызылған «Шине Усу» ескерткішінде аты аталған. Ол ескерткіштер тоғыз-татарларды Ұйғыр қағанатының бастапқы кезеңінде қағанатта орын алған аса маңызды тарихи уақиғаларда елеулі рөл сомдаған аса ірі тайпа ретінде егжей-тегжейлі сипатталған. «Шине Усу» ескерткіші 749 жылы тоғыз-татар мен сегіз-оғыздың Мойын чор қағанға қарсы бүлігі жөнінде былай жазған:

«Тай Білге тұтықтың опасыздығы үшін бірнеше атақтыларының ұждансыздығы үшін қарапайым халық өлдің, жіттің, қайта өлмеші, жітпеші дедім. [Маған] қайтадан ісінді, күшінді бергейсіңдер дедім» (Сартқожа, 2012: 213). Бұл мәлімет бойынша тоғыз-татарлар бұған дейін Ұйғыр қағанаты құрамындағы түркі тайпасының бірі болған. Олардың қағанатқа қарсы бүлігі Тай Білге тұтық сияқтылардың қағанатқа қарсы әрекетімен байланысты орын алған. Мұндағы Тай Білге тұтықтың Қарлуқ билеушісі екені белгілі. Ол тоғыз-оғыз тайпалары ішіндегі ең әйгілісі болған қарлуқтарды бастап Екінші түрік қағанатын құлатуға атсалысты және жаңадан құрылған қағанат билігін өз қолына алу үшін басым, ұйғыр тайпаларымен қағанаттық билікке таласты. Ұйғырлардан жеңілгеннен кейін Алтайдың күңгей бетін, Тарбағатайды және Алакөлдің оңтүстігіне дейін қоныстанды.

«Теркін» ескерткіші: «Тәңірім ханым атты әскері тоғыз-татар, он жеті аз бұйрық, тоңра, аде сенгүндері, ұйғыр мыңдығы халқымен жасақталды» деп көрсеткен (Акио Катаяма, 1999: 168-171). Бұл жерде тоғыз-татарлар Мойыншор қағанның әйгілі батырлары мен қолбасшылары қатарында сипатталады әрі олардың аты аз, тоңра, аде, ұйғыр тайпаларымен бірге аталады. Мұнда тоғыз-татарлармен бірге аты аталған тайпалардың барлығы «тоғыз-оғыз» деген жалпылама атпен танымал тайпаға жатады. Тоғыз-татардың қағанаттағы орнын «Теркін» ескерткішінің мына жолдары онан әрі айқындап көрсетеді.

«Тәңірі ханымның ұлы Білге Төлес ұлық Білге шад, Құтты Яғлақар хан немересі (?). Бұйрықтары Чабыш-Сенгүн. Халқы тоғыз байырқу, Ақ бач, Қай аба, Басмыл, Тоғыз-татар. Бұл халықтар чаддың халқы еді» [Акио Катаяма, 1999: 168-171; Сартқожа, 2012: 177].

Көне түркілердің мемлекеттік жүйесінде «чад» яғни «шад» қағанат екі қанатының бірі болған сол қанат – төліштің (*Tölic*) билеушісі саналады. Ескерткіштегі сол қанат төлішке жататын тайпалардың аты жазылған жердің өшіңкіреп қалуы мәтінтанушыларға қиындықтар туғызған, соған қарамастан мәтінде «тоғыз-татар» атының басым, байырқу сынды екі тайпаның атымен бірге аталуы олардың тоғыз-оғыз тайпалары арасындағы орнын ғана емес, бүкіл қағанаттағы орны мен рөлін жеткілікті деңгейде ашып көрсеткен.

Айтулы ескерткіш 15-16 жолдарында Тоғыз-татардың Тоғыз-оғыздардың тағы бір тармағы болған сегіз-оғыздармен бірге қағанат билігіне қарсы шығып, қағанатқа дұшпандық танытқанына қарамастан, қағанның оларға өз халқы ретінде мәміле жасағаны баяндалған: «Бүркуде Сегіз-оғыз, Тоғыз-татар [екі жақта] қалмады. [Осы айдың] екі жаңасында күн шыға шабуылды жалғастыра соғыстық. Осында шайқасып жеңдім. [Олардың] құрметтісі (*басшысы*) жазықты Үз-Ұдырды Тәңір менің қолыма берді. Қарапайым халыққа тиіспедім. Ебін (қауымдасқан үлкен база), ғибадатханасын, жылқыларын талқандап тартып алмадым. [Оларға] қатты ескерттім. Менің өз халқым дедім. Артымнан еріп келіндер дедім» (Сартқожа, 2012: 212). Бұл жолдарда қағанаттың ең жоғары билеуші қағаны сегіз-оғыз, тоғыз-татарды қағанаттың халқы санап, «өз халқым» деп ерекше мән берген.

Түркі ескерткіштеріндегі мұндай мәліметтер тоғыз-оғыз бен тоғыз-татар қатынасы ең кемінде Түркі қағанаттары дәуірінен бері тамырлас екенін түсіндіріп береді. Қысқасы «тоғыз-татар» көп заман бойы түркі жазбалары «тоғыз-оғыз», қытай жылнамалары «тоғыз-теле»<sup>1</sup> атаған тайпаның бір мүшесі саналып келген. Түркі қағанаттары дәуіріндегі тоғыз-оғыз бен тоғыз-татардың этникалық туыстығы, саяси қатынасы бұдан әрі дәлелдеуді қажет етпейді.

Тоғыз-татарлардың байырғы түркі тайпасы екенін дәлелдейтін мұндай пактілер өте көп. Сол сияқты оларды соңғы ғасырларда да түркі тілді тайпа ретінде көрсеткен дәйектер жеткілікті. Тоғыз-татар туралы мейілінше соңғы кезде жасаған мұсылман авторлары да сондай мәліметтерді жазып қалдырған. 982 жылы жазылған «Китаб Худуд ал-алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» авторы еңбектің Тоғыз-оғыз мемлекеті туралы тарауында: «Тоғыз-оғыз аталған аймақтағы ең бай ел. Татарлар сол Тоғыз-оғыздардың бір тайпасы болып табылады» деп сипаттаған (КИКК.Іт., 1973: 40). Бұл IX ғасырдың ортасынан X ғасырдың басына дейінгі аралыққа, ең кемінде айтулы еңбек жазылған 982-983 жылдарға дейін қалыптасқан жағдай деп санауға болады.

М. Қашқари өзінің «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегінде: «Татар. Түрік халықтарының бірі» деп анық жазып қалдырды (Қашқари, 1997: I т., 471; Қашқари, 2005: 387). Ол татарлардың тілі туралы тоқталған кезде: Сахара – қыр халықтарына жататын жомылдардың тілі бөлек бір тіл болып, олар түрікшені де бек жақсы біледі. Қай, йабақу, татар, басмыл тайпалары да сондай. Олардың әр бірінің өзіне тән тілі бар, сонымен бірге түрікшені де жақсы біледі (Қашқари, 1997: I т., 56; Қашқари, 2005: 70) деп көрсетті.

<sup>1</sup>Қытай деректемелерінде – Jiu xing tie le (九姓铁勒 // Jiǔ xīng tiě lè) деп жазып көрсетіледі.



М. Қашқари көрсетіп отырған бұл татарлар Орталық моңғолиядағы тоғыз-татарлармен байланысты еді. Сол себепті М. Қашқари өз еңбегінде Орталық азияның жайылымды аймақтарын «Татар даласы» деп көрсетіп отырды.

Соған қарамастан тоғыз-татар этногенезі мәселесі төңірегінде қазірге дейін ұсынылған пайымдаулар мен болжамдар көп. Тоғыз-татар түркі тілді деп санаушылардың көрнекті уәкілі Ватари Янаи болса, моңғол тілді деушілердің уәкілі Ван Говэй болды<sup>2</sup>. Мұндағы пікір таластың түйінді тұсы «Отыз-татар» мен «Тоғыз-татар» қатынасы төңірегінде сақталды. Мұндай пікір бойынша: Отыз-татар мен тоғыз-татар екеуі бір тайпа немесе тоғыз-татарлар отыз-татардан бөлініп шыққан деп санайды. Бұл өз кезегінде тоғыз-татарларды моңғол тілді тайпа деп дәлелдеудің негізі пактісі ретінде көрсетілген (Маэда Наонори, 1993: 294-306, 309). Тарихи деректер көрсеткендей Түркі қағанаты дәуіріндегі тоғыз-татарларды қатардағы түркі, тоғыз-оғыз тайпасынан бөлектеп қарайтын бірде-бір пакті жоқ, есесіне түркі қағандары мен ұйғыр қағандарының «Менің өз халқым» деп санауы тоғыз-татарлар түркі тілді деген көзқарасқа өміршеңдік септігі. Шын мәнінде бірінші топтағы пікірді ортаға қоюшылар мен оның жақтастары көтерген пікір-пайымдауын көне түркі жазбаларындағы, сол дәуірде жасаған тіл мамандары мен жиһангез тарихшылар жазып қалдырған нақты мәліметтен жоғары қоюға болмас еді. Сол себепті біз Түркі жазбаларын, М. Қашқари қатарлы авторлар берген мәліметті басшылыққа алуға міндеттіміз деп санаймыз. Сөйтіп, Жапон түркологі Ватари Янаи өткен ғасырдың 30 жылдары ортаға қойған «Тоғыз-татар түркі тілді» деген құнды пікіріне құрметпен қараймыз.

Бұл мәселені тоғыз-татарлардың Түркі және Ұйғыр қағанаттары дәуіріндегі этно-территориясы онан әрі анықтай түседі. Біз «Шине Усу» ескерткішіндегі тоғыз-татарлар мен сегіз-оғыздардың бірлескен көтерілісі кезінде Ел-етміш (*Мойын чор*) қағанмен ортада шайқас болған жерлерге қарап олардың қоныстарын анықтауға мүмкіндік аламыз. «Ескерткіштің» 6-7 жолында:

«Дәл осы кезде тіл алып тыңшылар келді. Жаулар келе жатыр деді. Жаудың басқы легі шабуылдап келді. Сегізінші айдың екі жаңасында тұзды Алтыр көл жағасынан аттанып Қашүй өзенін бойлап, сонда найзаласып, сонда өкшелей қуалап соғыстым. Сол айдың 15 күні Кейре басында Үш-Бүркуде татарлармен қатты соғысып жеңдім. Халқының жартысы маған берілді. Жарты халқы Көгмен жынысына кірді» (Bai Yudong, 2013: 86-87; Сартқожа, 2012: 212-213).

Ескерткіштің бұл тұсында Алтыр көл, Қашүй, Үш Бүркі қатарлы біраз жер аттары кездеседі. Бұған дейінгі зерттеулер ескерткіш мәтінінде айтылған бұл жерлерді мүлде басқаша қарастырып, олардың орнын Орталық Моңғолияның шығысынан, тіпті Шығыс Моңғолиядан іздестіріп келеді. Мұндай қадамға баруға тоғыз-татар мен отыз татарды бір тайпа ретінде қарастыру түрткі болған, олар осы мақсатта тоғыз-татарлардың қонысын отыз татарлар қоныстанған аймаққа жақын маңнан іздестіріп отырған. Алайда, соңғы зерттеу жетістігі ескерткіште айтылған «Алтыр көл» атты көл – қазіргі Хөвсгөл көлі екенін дәлме-дәл дәлелдеп берді. Бұл жетістік тоғыз-татарлар қонысын Селенганың төменгі бойынан, Байкалға құяр тұстан, тіпті одан шығысқа қарайғы аймақтан іздеудің жөнсіз қадам екенін көрсетті (Маэда Наонори, 1993: 294-302; Geng Shimin, 2005: 197; Zhang Jiuhe, 1998: 142 ). Қазіргі кезде Тоғыз-татарлар Тэс өзенінің шығысындағы Хөвсгөл көлінің солтүстігі мен шығысындағы аймақты мекен еткені анықталды (Bai Yudong, 2009: 165).

Тоғыз-татарлардың бұл қоныстары олардың Түркі қағанаты дәуіріндегі қоныстарына да сәйкес келеді. Олардың бұл қонысы тұтас Ұйғыр қағанаты дәуірінде өзгерген жоқ. VIII ғасырдың 60-70 жылдарындағы Солтүстік Азия тарихынан хабар берген Дуньхуаннан табылған «Pt 1283» нөмірлі құжат татар тайпаларының дәл осы аймақты қоныстанғанын көрсеткен. Сөйтіп, Тоғыз-татарлардың Орталық Өтүкенге барып қоныстануы Ұйғыр қағанаты құлап, далада қырғыз билігі орнаған дәуірінде орын ала бастаған.

840 жылы Енисей қырғыздары Ұйғыр қағанатының билікке қарсы қолбасшысымен бірлесе отырып Түркі даласындағы қағанатты талқандап, қағанды өлтіріп, ордасын өртеп жіберді. Қағанатқа қарасты халық жан-жаққа босып кетті. Олардың қатарында екі үлкен топты нақты айтуға болады. Оның біріншісі Қытай шекарасына қарай босқан Уге тегінге қарасты ел. Олардың қатарында қағанаттың астаналық аймағын қоныстанған 13 тайпадан тұратын халық болғаны айтылады. Екінші топтағы ел – Паң Тегін бастаған батысқа көшкен 15 тайпа. Қағанаттың күйреуі Орталық моңғолиядағы тайпалардың құрамында үлкен өзгеріс туындатты. Тарихи деректер бойынша қырғыздар 840 жылы қағанатты қиратқаннан кейін 841 жылдан бастап далалық аймаққа бірқатар жорықтар ұйымдастырған. 843 жылдың бастапқы айларында қырғыздар Шығыс түркістандағы Күшар мен Бесбалыққа жорық жасағаны айтылған (Liu Xu, 1975: 2522). Тағы бір деректе 848 жылы қырғыздардың 70 мың әскермен жорыққа

<sup>2</sup>Қытай ғалымы Ван Говэй тоғыз татар «моңғол тілді» тайпа деген көзқарасты ұсынды (Wang Guowei, 1959: 634-650). Бұл пікірді Хан Жулинь (Han Rulin, 1986, 11), Чэнь Дэчжы (Chen Dezhi, 2005:217-218) т.б. жалғастырып келеді.



аттанып «жеті ру шивэй»<sup>3</sup> тайпасына барып бас сауғалаған ұйғыр тайпаларын Орталық Моңғолияға көшіріп алып қайтқанын ресми түрде тіркеген (Liu Xu, 1975: 2522). Сонымен бірге 842 жылдан 845 жылға дейінгі төрт жыл ішінде Таң империясына жыл сайын елші жіберіп отырғаны айтылған (Fu Xuancong, Zhou Jianguo, 2018: 85-90). Осы елшіліктердің негізгі миссиясы Таң династиясынан Қырғыз қағанын ұлықтауды талап ету болған. Аайда олардың Қырғыз қағанын «Тәңрі қаған» деп ұлықтау талабы бірден тойтарысқа ұшырап, кейін император Таң Уцзунның қазасына байланысты әдеттегідей «қаған» деп ұлықтаудың өзі кешеуілдей берген.

Қырғыздардың далалық аймақтағы қимылы туралы келесі бір маңызды мәлімет 856 жылы хатқа түскен. Осы жолы Таң империясына барған қырғыз елшілері Паң тегіннің Аньсиде қаған болып ұлықталғанын хабарлаған. Сонымен бірге Паң тегіннің бытыраған елін қайта жинап елінің басын қосқанын және дала билігін қырғыздардан тартып алатыны туралы көк тәңірге серт беріп, ант су ішкені айтылған (Song Minqiu, 1959: 692-693). Алайда Паң тегіннің билігін қырғыздар емес Бесбалыққа ауып барған тоғыз-оғыздың басқа бір билеушісі тартып алады. Осы уақиғаға байланысты 866 жылдан бастап Паң тегін деген тұлғаның аты деректерге кездескен жоқ. Оның орнына Бесбалықта «Бугучжэнь» деп аталған тарихи тұлға билікке келгені белгілі болды. Қытай деректері «Бугучжэнь» деп көрсеткен бұл адамның түрікше аты Бүгү тегін немесе Бөгү Тәңірікен (*Бөгү Тәңір қаған*) болуға тиіс.

Тарихи деректердің бірінде қырғыздардың 863 жылы және 866 жылы екі мәрте Таң династиясына елші аттандырғанын тіркеген (Sima Guang, 1956: 8107, 8117). Тағы бір деректе олардың 860-874 жылдары арасында Таң династиясына үш рет елші жібергенін хабарланған және «олар (қырғыздар) хуэйхулардың орнын бір жолата ала алмады» деп ескерткен (Еженханұлы, Ошан, 2006: 390). Осы мәліметтің өзі қырғыздардың дала билігін қолға алу жолында жасаған қадамдары соншалық сәтті болмағанын көрсеткен-ді. «Синь Таншу» кітабының тағы бір мәліметі бойынша қырғыздар Таң династиясына соңғы мәрте 873 жылы елші жіберген. Алайда келесі жерде қырғыздар туралы мәлімет сирей бастаған. Бұл Орталық Азияда қырғыз билігі әлсіреп түркі тайпалары арасында кезекті билік ауысу процесі орын алған өтпелі кезең басталғанын білдіргендей еді.

«Цзычжи тунцзяньның» 875 жылы 10 айға қатысты тараушасына «Хуэйху [Хэ] Лочуанға қайтып келді, 11 айда Тоңло Юйлу патша ордасына елшіге келді» деген мәлімет кездеседі (Sima Guang, 1956: 8181). Мұнда көрсетілген «хуэйху» – ұйғыр болатын. Ал «Лочуань» яғни «Хэлочуань» топонимінің жаңсақ жазылған түрі еді (Мориясу Такао, 1980: 8-14). Сонымен, хуэйхулер (ұйғыр) қайтып келген «Хэлочуань» – Орхон өзенінің атырабы, яғни 840 жылы құрдымға кеткен қағанаттың астаналық аймағы болған әйгілі «Өтүкен иіш» екені күмән тудырмайды (Jia Cong jiang, 2000: 31-32).

Қырғыздардың Таң паншалығына соңғы рет 873 жылы елші жіберуі, 875 жылы Хуайхулардың Орхон бойына «қайтып оралып», сол жерден Таң династиясына өз елшісін жіберуі сынды осы екі уақиға Орхон бойында орын алған ерекше тарихи уақиғамен тіке қатысты болуға тиіс. Бұл жерде Орхонға қайтып келген Хуэйхулерді (Ұйғыр) Бугучжэнь құрған Түрпандағы Қочо хандығы ретінде қарастырудың ғана сәті түседі.

Соңғы уақытта табылып, ғылыми айналымға түскен «xj 222 – 0661. 9» нөмірлі құжат аталған кезеңге қатысты біраз түйткілдерді шешуге өз көмегін тигізуде. Көне ұйғыр жазуымен жазылған құжатты Неміс туркологы Петер Зиеме мен Қытай ғалымдары Чжан Тешань (Zhang Tieshan, Peter Zieme, 2012: 157-176) және Бай Юйдун (Bai Yudong, 2014: 134-182) зерттеп, ғылыми деректанулық жұмыстарды тыңғылықты атқарды. Олар бұл құжат Шағатай хандығы дәуіріндегі қандай бір еңбектің жеке парақшасы болып табылатынын және құжаттың XIII-XIV ғасырға жататынын анықтады. Құжат мазмұны Қочо мемлекетінің белгісіз бір ханының бастан кешкен көшірмесін мадақтауға арналған. Қытай тарихшысы Бай Юйдун пікірі бойынша құжаттың бастапқы мазмұндары IX ғасыр соңындағы Қочо мемлекеті құрылуы кезеңіндегі жағдайды көрсеткен, алайда соңғы бөлігіндегі мазмұны кидандардың Ляо династиясы дәуіріне қатысты болған (Bai Yudong, 2014: 143).

«xj 222 – 0661. 9» нөмірлі құжат аталған дәуірдегі Қочо елі мен Өтүкен даласының тарихи байланысын зерттеуде еш жерде жоқ құнды мәлімет ұсынған. Бұл туралы құжаттың 6-16 жолында мынадай мәлімет сақталған:

«Оның жасы кіші болса да, аса бір мықты боз бала еді. Ол Тоңаның жас жеткіншегінің жүректі, арыстанның баласындай батыл болды. Ақылы шексіз мол болды. Сөйтіп әкесі Тәңірікінге көмектесіп, құтты елін қорлаған, қауіп төндірген тоғыз-татар бұдынына қаланың сағасында шеп құрып қарсы тұрып оларды бағындырды. Елдің басына түскен қауіпті сейілтті, жат елдің билеушісін, жат ниетті адамдарды, жауларды, өздерінен аулаққа жіберді, қорқытты. Он ұйғыр елінің қамақ бодұны:

<sup>3</sup>Аталған тайпалар бірлестігін қытайша – «Ци синь шивэй (七姓室韦 // Qī xīng shì wéi)» деп хатталған. P.t 1283 Дуньхуань жазбасында: «Жеті Ye-dre» атты тайпа аты кездеседі.

Біздің ханымыз Үданның ұлы ержетті, бұдан кейін жат ел басынбайтын болды. Біз үшін бұл аса мерейлі болумен қатар, рухымыз көтерілді десті» (Zhang Tieshan, Peter Zieme, 2012: 176).

840 жылы батысқа ауған тоғыз-оғыз тайпалары қатарында тоғыз-татарлардың болғаны белгілі. Алайда олардың бұл тобында жаңадан құрылған Қочо хандығына қатер тудыратындай әлеуеті болды деп айту қиын. Қочо хандығына шабуыл жасаған тоғыз-татарлар туралы түйткілді сауалдың жауабын «хј 222 – 0661. 9» нөмірлі құжаттың 39-42 жолдарындағы «Ол (*Теңрікін*) Өтүкен жерінің халқын өзінің қарамағындағы жерлерге қоныстандырды» (Bai Yudong, 2014: 139) деген мазмұны анықтап көрсетіп береді. Мұндағы «Өтүкен жерінің халқы» деп отырғаны тоғыз-татарлар болатын. Бұл мәлімет Қочо мемлекетінің Өтүкен қойнауын өз билігіне ала бастағанын білдіре отырып, жоғарыда көрсетілген 875 жылы ұйғырлар «[Хэ]лочуанға қайтып келді» деген қытай дерегінің мәнін аша түседі. Ең бастысы айтулы құжаттың келесі мазмұндары бірқатар түйткілдерге де түшымды жауап бере алады.

Осы және басқа деректерге негізделгенде IX ғасыр соңында Түрпандағы Он ұйғыр елі (Қочо елі) мен тоғыз-татарлар арасында қақтығыстар орын алған. Бірақ аталған шайқаста тоғыз-татарлар жеңіліс тапқан. Қочо билеушілері тоғыз-татарларды бағындырғаннан кейін арада тыныштық орнатқан әрі Қочо елінің ықпалы Орхон даласына жете бастаған. Осыған байланысты 875 жылы ұйғырлар «[Хэ]лочуанға (*Орхонға*) қайтып келді» деген дерек тіркелген. 876 жылдан кейін Қочо елі қайтадан күш алып Бесбалық пен Түрпанды түгелге жуық өз билігіне алған.

875 жыл Таң династиясында Хуанчао шаруалар көтерілісінің басталуы империяның құлдырау дәуіріне аяқ басқанын көрсетті. Осыдан бастап патшалықта ішкі алауыздық өршіп, көрші елдер туралы мойын бұра алмады. Сөйтіп Ұлы дала туралы қытай деректемелерінде ақтаңдақ беттер қалыптасты. Нәтижеде қытайлар Қочо елінің ықпалы Орхон бойына жеткенін ғана хабарлағанмен, кейін не болғанын көрсетуге қажетті дерек бере алмады. Осыған байланысты «хј 222 – 0661. 9» нөмірлі құжатты зерттеуші ғалым 875 жылды ең кемінде Қочо хандығы мен тоғыз-татар арасында байланыс орнаған дата ретінде қарастыруға болатынын ғана айтады (Bai Yudong, 2014: 142).

Берлин қаласында «Mainz № 354» атты Түрпан жазбасы сақталған. Құжатта мәлім бір Ұйғыр қағаны билік еткен кезде қирап қалған Бесбалық қаласын қалпына келтіру жұмыстарын жүргізгені баяндалған (Zieme, 2009: 255-266). Қытай ұлттық кітапханасында сақталған «№ BD11287» құжатта Бугучжэнь бір кездері сәтсіздіктерге ұшырап қалалары бүлінгені баяндалған (Ren Ji-yu, 2009: 118). Қытай ғалымы «Mainz № 354» құжатқа тарихи зерттеу жасай келіп Бес балық қаласының талқандалу уақиғасы 866-869 жылдары шамасында орын алғанын әрі бұл уақиғаның Қочо елі мен Аньси ұйғырлары арасында немесе тоғыз-татарлар арасында болған шайқаста күйреген болуы мүмкін екенін қарастырған (Fu Ma, 2013: 151-155; Fu Ma, 2014: 22).

Дуньхуань жазбалары қорында хотандық монохтың буддалық діни уағызы мен өзі жасаған мемлекетті мадақтауды мазмұн еткен тағы бір құжат кездеседі. Әйгілі шығыстанушы Марк Аурель Стейн «S.6551» деп шифрлеген бұл құжат Түрпандағы Қочо мемлекетінің күдіреті күшті ел болғанын мадақтап, оны билеп отырған ханның ұлылығын мақтан ете жазған. Қытай тілінде жазылған бұл құжатқа деректанулық зерттеу жүргізген ғалымдар құжаттың X ғасырдың 30 жылдары жазылғанын анықтап, Түрпандағы Қочо мемлекетімен байланысты екенін жан-жақты дәлелдеді (Zhang Guangda, Rong Xinjiang, 2008: 155). Аталған құжат діни уағыздарды мазмұн еткеніне қарамастан жоғарыда көтерілген тарихи мәселеге қатысты информация берген. Соның ішінде Қочо еліне қарасты тайпалардың тізімі мен сол тайпалар мен Қочо елінің тарихи байланысын сипаттаған мынадай мағұматтары өте-мөте маңызды: «Қарлық, яғма, емак, татар қатарлылар келіп бағынып, асыл гауһар, алтын тарту етіп жатты. Тоқси (*түркеи?*) жылқы пен түйесін тарту етті. Түпүттер (*Тибет*) асыл бұйымдар мен алтынды сиға тартты. Басымыл деген тумысынан біздің құл-күндерімізден туған құлақ кесті құлымыз еді. Қырғыздар біздің бұрынғы құл-күндеріміз болатын. Бізге бодан елдер бүркіттен шошыған торғайдай, біздің қаламыздың маңына келіп, барыс көрген қойдай үдірейіп қорқып жүрді. Елдің нақты болымысы осындай, бұл жалған сөз емес» (Zhang Guangda, Rong Xinjiang, 2008: 155).

Сөйтіп, аталған дәуірге жататын тарихи деректерде тоғыз-татарларды тоғыз-оғыздардың (Қочо елі) бір тайпасы ретінде көрсетіп отырады. Олардың қатарында «Китаб Худуд ал-алам мин ал-Машрик ила-л-Магриб» т. б. еңбектердегі, сондай-ақ «S.6551» нөмірлі Дуньхуан жазбасында Қочо елінің бір тайпасы ретінде көрсетілген «татарларды» да Орхон бойындағы тоғыз-татар ретінде қарастырудың мүмкіндігі бар.

Жоғарыда көрсетілген тоғыз-татар өткен тарихи дәуірде тоғыз-оғыздардың бір тармағы болып саналған көне түркі тайпасы болып табылады. 840 жылы Қағанат ыдыраған тұста олардың бір бөлігі басқа тайпаларымен бірге оңтүстікке Қытай жеріне, Жоңғарияға, Алтай тауларының төрт төңірегіне, Қазақстанға, тіпті одан анағұрлым алыс аймақтарға тарап кетті. Соған қарамастан олардың елеулі бір бөлігі бұрынғы қағанаттың орталық аймағына жылжып, уақыт өте келе даланың келесі қожасы келбетін сомдай бастаған.

Шын мәнінде тоғыз татарлардың далалық билікке үмтылуы Түркі қағанаты дәуірінде басталып, Ұйғыр қағанаты кезеңінде жалғасын тауып отырды. 840 жылы Ұйғыр қағанаты ыдырағаннан кейін қағанаттың астаналық аймағына көшіп барып, Ұлы дала билігіне үмтылу міндеті тоғыз-татарларға тағы бір рет жүтелді. Көптеген тарихи жағдай қырғыздардың Хангай тауы, Орхон мен Тоғла өзендері бойынан Селенгаға дейінгі аймаққа тегеуірінді билік ете алмауы осы аймақтағы тоғыз-татардың ықпалымен тіке қатысты болғанын нақтылап береді. Соның бір дәлелі – қырғыздар өз кезегінде ел астанасын Орхон бойына апарып тігуге қол жеткізе алмауын айтуға болады<sup>4</sup>. Ал, ұқсас мезгілде тоғыз-татарлардың Қочо еліне жорық жасауы олардың Орхон даласында елеулі жетістікке жеткенін және берік негіз қалағанын көрсетеді.

Солдай дегенмен, бұл тұста жаңадан бой көтерген Қочо елі өзінің бастапқы гүлдену кезеңінде күн сайын күш алып келе жатты. Қытайдың Таң династиясы да Қочо мемлекетінің аймақтағы билігін мойындап, олардың қағанын ұлықтаған арнаулы патша жарлығын түсірді. Артынша ұйғырлардың Орхон бойына қайта оралу уақиғасы қытай жылнамасына тіркеле бастады. Қочо елінің күшеюі Орхондағы тоғыз-татарларды Қочо мемлекетін бағынуға кіріптар еткен. Тарихи деректер көрсеткен Орхон бойына «қайта оралу», Тәңіркеннің Өтүкен жерінің халқын «өз қарамағындағы жерлерге қоныстандыруы» қатарлы мәліметтер осындай пікірге келуге мүмкіндік береді.

Тоғыз-татарлардың Қочо елінен жеңілуі және Қочо елінің Орхон даласына қайта ықпал етуі олардың арасындағы өткен ғасырларда қалыптасқан бағыныштылық байланысты түбегейлі қайта жаңғыртты ма, ол жағын анықтайтын дерек қазірше жоқ. Сол себепті тоғыз-татарлар мен Қочо елі Орхон бойының билікті қалай бөліскені туралы сауалдар көп.

Қалай дегендеде тоғыз-татарлар мен Қочо елі арасында қалыптасқан байланыстар қырғыз билігінің даладан ығысып шығуын онан әрі жеделдете түскен тарихи уақиға болғаны белгілі. Қочо елінің Орхон даласына ықпал етуі қырғыздардың далалық аймақта тоғыз-татарлардың тегеуірінді қарсылығына төтеп бере алмай келген баянсыз тірілігінің біржолата аяқталуының көрсеткіші болуға тиіс. Ең кемінде осы уақиғадан соң қырғыз билігі солтүстікке шегінді. Бірақ, бұл Қырғыз мемлекеттілігінің түбегейлі құрдымға кеткенін білдірмейді. Енисей ескерткіштеріндегі X ғасырға жататын нұсқалары Орхон даласындағы елді «Тоғыз татар елі» (*Toquz tatar eli*) деп жазып, отырмен арада жаугершілік болып тұрғанын хабарлап отырған. Бұл тоғыз-татарлардың Орхон даласындағы қағанаттық биліктің келесі мұрагері ретінде өз келбетін сомдай бастағандығының нақты куәсі болып табылады.

Қочо елі қырғыз билігінің даладан ығысуына байланысты өз астанасын Орхон даласына қайта көшіруді жөн көрмегені анық. Бұл жағын Қочо еліне қатысты келесі мәліметтердің Орхон даласына қатысты емес, Бесбалық пен Тұрпанға қатысты баяндалып отыруы растай алады. Қочо елінің бұл шешімі дала билігіне әр кез үмтылып келген әрі бұған дейін айтарлықтай жетістікке жеткен тоғыз-татарлардың онан әрі дамуына кең жол ашқаны белгілі. Сөйтіп, Орталық Өтүкен даласы тоғыз-оғыздардың бір тармағы саналған тоғыз-татарлар билігіне өте бастады. Сондықтан біз тарихи деректердің Өтүкен даласының негізгі халқын «тоғыз-татарлар», сол аймақтағы мемлекетті «Тоғыз-татар елі», «Татар мемлекеті» т. б. деп аталғанына және уақыт өте келе Орталық моңғолияның «Татар даласы» деп атала бастағанына куә боламыз.

**Қорытынды.** IX ғасыр соңында қырғыздар Орталық моңғолиядан шегінгеннен кейін даланың астаналық аймағы – Орхон даласындағы билік тоғыз-татарлардың қолына өтті деген ең дұрыс тұжырымдама деп санаймыз. «Ляо ши» («Ляо династиясы тарихы») атты еңбек X ғасыр басында Қидан билеушісі Елюй Абаоци Орхон бойына жорық жасаған кезде ондағы халықты «цзубу» деп жазды. Осылайша «Ляо ши» Орталық моңғолияда қырғыз атты елдің болғанын хабарламауына қарамастан, 840 жылы қағанатты құлатқан қырғыздардың далалық аймақтағы билігінің аяқталу мерзімін 924 жылғы Қидан жорығымен қатысты қарастыратын пікір көп жыл бойы жалғасып келді (Бартольд, 1968: 103). Шын мәнінде «Ляо ши» кітабы «цзубулар» деп жазған халық тоғыз-татарлар болатын (*Karla Wittfogel, Feng Chia-sheng, 1949: 101-102*). Бұл пікір енді орныққан пікір саналуы тиіс. Сонымен, қырғыздардың Орталық моңғолиядағы билігі IX ғасырдың соңында аяқталып, сол кезден бастап Ұлы даланың астаналық аймағы тоғыз-татарлардың иелігіне өткен. Тоғыз-татарлар өздерінің бұл билігін қидан жорығынан кейін де жалғастыра алды. Уақыт өте келе олар билік еткен аймақта бірқатар түркі тілті тайпалар құрған хандықтар бой көтере бастады. Бұл хандықтар Моңғол дәуірі қарсаңына дейін Орталық моңғолиядан Тарбағатайға дейінгі аймақта хандық билік құрып отырды.

#### Әдебиеттер тізімі

Сартқожа Қ. Орхон мұралары. II. Алматы. 2012.

Акио Катаяма, 片山章雄「タリят碑文」森安孝夫, オチル (編) 『モンゴル国現存遺蹟・碑文調査研究報告』: 168-171, 豊中: 中央ユーラシア学研究会, 1999.

<sup>4</sup>Қырғыздар өз астанасын Орхон бойына көшіріп апара алмағаны туралы қытай деректерінде арнаулы мәліметтер бар.

- Материалы по истории киргизов и киргизии, выпускск I. Издательство «Наука», Москва 1973. 280 с.  
 Қашқари М. Түрік сөздігі. Алматы: ХАНТ, 1997. I т. 590 б., II т. –528 б., III т.  
 Кашқари М. Диван Лугат ат-Турк. /Перевод и предисловие З.А. М. Ауэзовой. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.  
 Wang Guowei. «Dadaka», «Guan tang ji lin», di xia ce di 14 juan. Zhonghua shuju 1959 nian ban. 1234 ye.  
 Han Rulin. Yuanchao shi, Shang, xia juan. Renmin chubanshe, 1986 nian ban.  
 Chen Dezhi. «Meng yuan shi yanjiu cong gao», Beijing: Renmin chubanshe, 2005 nian.  
 Маэда Наонори. Shi shiji shidai jiuzu Dada, Riben xuezhе yanjiu Zhongguoshi lun zhu xuayi, Di 9 ji. Zhonghua shuju, 1993 nian, -730 ye.  
 Bai Yudong. «Xi nei wu su bei yizhu» «xiyu wenshi» di 7 ji 2013 nian.  
 Geng Shimin. «Gudai tujue wen beiming yanjiu», Beijing: Zhongyang minzu daxue chubanshe, 2005 nian.  
 Zhang Jiuhе. «Yuan menggu ren de lishi – shiwei-Dada yanjiu», gaodeng jiaoyu chubanshe, 1998 nian.  
 Bai Yudong. «Huihu beiwen suo jian 8 shiji zhongqi de Jiu xing Dada (Тоquz tatar)», «Yuanshi ji minzu yu bianjiang yanjiu jikan», 2009 nian di 1 qi 151-165.  
 Liu Xu. «Jiu tang shu», Beijing: Zhonghua shuju jiaokan ben, 1975 nian.  
 Fu Xuancong, Zhou Jianguo. «Li Deyu wenji xiao jian» (shang, zhong, xia) Zhonghua shuju, 2018.  
 Song Minqiu. «Datang Zhaolingji» juan 128, Shangwu yinshuguan, 1959.  
 Sima Guang. «Zi zhi tong jian», Zhonghua shuju, 1956 nian.  
 Еженханұлы Б., Ошан Ж. Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар 2-бөлім. – Алматы, 2006.  
 Мориясу Такао (Chen Junmou yi). «Guanyu huihu de xi qian». «Minzu yicong», 1980(01), 8-14 ye (森安孝夫「ウイグルの西遷について」東洋學報 59-1-2, 1977年10月. pp.105~130).  
 Jia Cong jiang. «Xia jia si nanxia yu bei gui kao bian», «xiyu yanjiu» 2000 nian 04 qi. -31-38 ye.  
 Zhang Tieshan & Peter Zieme. Zhang Tieshan, Cimo: Bai Yudong yi: «Shi xing huihu wang ji qi wangguo de yi pian beiwanglu». Zhongguo renmin daxue guoxueyuan xiyu lishi yuyan yanjiusuo, chenweirong zhubian: Xiyu lishi yuyan yanjiu jikan, di wu ji, Beijing, kexue chubanshe, 2012 nian. 157-176 ye (Zhang Tieshan & Peter Zieme, A Memorandum about the King of the On Uygur and His Realm, Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae 64 (2), pp. 129-159).  
 Bai Yudong. «Youguan Gaochang Huigu de yi pian Huigu wen wenxian– «xj 222 – 0661. 9 Wenshu de lishi xue kaoshi», «Zhongguo bianjiang shi di yanjiu» 2014 nian, di 24 juan di 3 qi, 134-182 ye.  
 Zieme P. Ordo Uluš, Solmi and Bešbalık, Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae, vol. 62 ( 3), 2009, pp. 255-266.  
 Ren Ji-yu zhubian, Guojia Tushuguan cang Dunhuang yishu, Di 109 ce. Beijing Tushuguan Chubanshe, 2009 nian, -348.  
 Fu Ma. «Xizhou huihu wangguo jianli chuqi de duiwai kuozhang – Zhongguo wenhua yichan yanjiu, Yuancang xj222-0661.09 hao huihu wenshu de lishi xue yanjiu», «Xiyu wenshi» di 8 ji, Beijing: Kexue chubanshe, 2013.  
 Fu Ma. «Huigu shidai de Beiting cheng – Decang Mainz 354 hao wenshu suojian Beiting cheng chongjian niandai kao», «Xiyu yanjiu», 2014 nian di 2 qi. 9-22 ye.  
 Zhang Guangda, Rong Xinjiang: «Youguan Xizhou Huigu de yi pian Dunhuang hanwen wenxian S.6551 Jiang jing wen de lishi xue yanjiu», Zhang Guangda: «Wenshu dianji yu xiyu shi di», Guangxi shifan daxue chubanshe, 2008 nian.  
 Бартольд В. В. Сочинения. Том V. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. - Москва: Наука, 1968. -759 с.  
 Karla Wittfogel, Feng Chia-sheng. History of Chinese Society Liao. 907-1125 Philadelphia, 1949. 752 p.

### References

- Sartqozha Q.Orhon muralary. II. Almaty. 2012.  
 Katayama Akio. `tariato hibun' moriyasu takao, ochiru (hen) “mo ngoru-koku genson noko ato-hi bun-chō 查 Ken Kiwamu hōkoku”: 168 – 171, Yutaka-chū: Chūō yu`ra shi a gakken Kiwamu-kai.  
 Materialy po istorii kirgizov i kigrizii, vpusksk I. Izdatel'stvo «Nauka», Moskva 1973. 280 s.  
 Kashkari M. Turik sozdigi. Almaty: HANT, 1997. I t. 590 b., II t. 528 b., III t.  
 Kashkari M. Divan Lugat at-Turk. /Perevod i predislovie Z.-A. M. Auezovoy. – Almaty: Daik-Press, 2005.  
 Wang Guowei. «Dadaka», «Guan tang ji lin», di xia ce di 14 juan. Zhonghua shuju 1959 nian ban. 1234 ye.  
 Han Rulin. Yuanchao shi, Shang, xia juan. Renmin chubanshe, 1986 nian ban.  
 Chen Dezhi. «Meng yuan shi yanjiu cong gao», Beijing: Renmin chubanshe, 2005 nian.  
 Маэда Наонори. Shi shiji shidai jiuzu Dada, Riben xuezhе yanjiu Zhongguoshi lun zhu xuayi, Di 9 ji. Zhonghua shuju, 1993 nian, -730 ye.  
 Bai Yudong. «Xi nei wu su bei yizhu» «xiyu wenshi» di 7 ji 2013 nian.  
 Geng Shimin. «Gudai tujue wen beiming yanjiu», Beijing: Zhongyang minzu daxue chubanshe, 2005 nian.  
 Zhang Jiuhе. «Yuan menggu ren de lishi – shiwei-Dada yanjiu», gaodeng jiaoyu chubanshe, 1998 nian.  
 Bai Yudong. «Huihu beiwen suo jian 8 shiji zhongqi de Jiu xing Dada (Тоquz tatar)», «Yuanshi ji minzu yu bianjiang yanjiu jikan», 2009 nian di 1 qi 151-165.



- Liu Xu. «Jiu tang shu», Beijing: Zhonghua shuju jiaokan ben, 1975 nian.
- Fu Xuancong, Zhou Jianguo. «Li Deyu wenji xiao jian» (shang, zhong, xia) Zhonghua shuju, 2018.
- Song Minqiu. «Datang Zhaolingji» juan 128, Shangwu yinshuguan, 1959.
- Sima Guang. «Zi zhi tong jian», Zhonghua shuju, 1956 nian.
- Ezhenkhanuly B., Oshan Zh. Kazakhstan tarihy turaly kytai derektemeleri. IV tom. Aulettik tarihy zhylnamalar 2-bolim. – Almaty, 2006.
- Moriyasu takao (Chen Junmou yi). «Guanyu huihu de xi qian» [J]. «Minzu yicong», 1980(01), 8-14 ye (Moriyasu takao 'uiguru no sei sen ni tsuite' tōyō Gaku-hō 59 - 1• 2, 1977-nen 10 tsuki. Pp. 105 ~ 130).
- Jia Cong jiang. «Xia jia si nanxia yu bei gui kao bian», «xiyu yanjiu» 2000 nian 04 qi. -31-38 ye.
- Zhang Tieshan & Peter Zieme. Zhang Tieshan, Cimo: Bai Yudong yi: «Shi xing huihu wang ji qi wangguo de yi pian beiwanglu». Zhongguo renmin daxue guoxueyuan xiyu lishi yuyan yanjiusuo, chenweirong zhubian: Xiyu lishi yuyan yanjiu jikan, di wu ji, Beijing, kexue chuban she, 2012 nian. 157-176 ye (Zhang Tieshan & Peter Zieme, A Memorandum about the King of the On Uygur and His Realm, Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae 64 (2) , pp. 129-159).
- Bai Yudong. «Youguan Gaochang Huigu de yi pian Huigu wen wenxian – «xj 222 – 0661. 9 Wenshu de lishi xue kaoshi», «Zhongguo bianjiang shi di yanjiu» 2014 nian, di 24 juan di 3 qi, 134-182 ye.
- Zieme P. Ordo Uluš, Solmi and Bešbalık, Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae, vol. 62 ( 3), 2009, pp. 255-266.
- Ren Ji-yu zhubian. Guojia Tushuguan cang Dunhuang yishu, Di 109 ce. Beijing Tushuguan Chubanshe, 2009 nian, - 348.
- Fu Ma. «Xizhou huihu wangguo jianli chuqi de duiwai kuozhang – Zhongguo wenhua yichan yanjiu, Yuancang xj222-0661.09 hao huihu wenshu de lishi xue yanjiu», «Xiyu wenshi» di 8 ji, Beijing: Kexue chuban she, 2013.
- Fu Ma. «Huigu shidai de Beiting cheng – Decang Mainz 354 hao wenshu suojian Beiting cheng chongjian niandai kao», «Xiyu yanjiu», 2014 nian di 2 qi. 9-22 ye.
- Zhang Guangda, Rong Xinjiang. «Youguan Xizhou Huigu de yi pian Dunhuang hanwen wenxian S.6551 Jiang jing wen de lishi xue yanjiu», Zhang Guangda: «Wenshu dianji yu xiyu shi di», Guangxi shifan daxue chuban she, 2008 nian.
- Bartol'd V. V. Sochineniya. Tom V. Raboty po istorii i filologii turkskikh i mongol'skikh narodov. -Moskva: Nauka, 1968. -759 s.
- Karla Wittfogel, Feng Chia-sheng. History of Chinese Society Liao. 907-1125 Philadelphia, 1949. -752 p.

IRSTI 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961\_2022\_3\_36

## HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES)

K.K. Aubakirova<sup>1\*</sup>, S.T. Taiman<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

\*Corresponding author:

Email: A\_kunduz87k@mail.ru (K.K. Aubakirova), Email: st-1968@mail.ru (S.T. Taiman)

**Abstract.** This article examines the prerequisites for cultural, linguistic, historical ties between the Turks and the Arabs during the Mamluk rule in the 13-16 centuries and the various factors that influenced them. There are also data from medieval manuscripts and historical treatises on the meaning and scope of the name Mamluk, genealogical lineage, ethnic composition of Mamluks. The sources of the study are the works of historians and chroniclers such as ad-Dawadari, Ibn Kathir, al-Kalkashandi, al-Makrizi, Ibn Tagriberdi, who lived during the Mamluk period, as well as manuscripts such as "al-Qawanin", "Ad-Durra" and "Tarjuman" written in the mamluk period. The preconditions for relations between Arabs and Turks date back to the earliest times. The establishment of relations between the two peoples and the two countries depends on political, historical, social, religious, cultural and etc. various factors. By identifying the factors that influenced the formation and development of Turkic-Arab relations during the Mamluk rule, we can see that the Turkic-Arab relations were comprehensive and extensive.

**Key words:** Mamluks, Kipchaks, Turko-Arab contacts, historical factors, Mamluk State, Golden Horde, medieval manuscripts.

*The article is written within the framework of the project No AP08855781 MES RK.*

**МАЗМҰНЫ  
CONTENTS  
СОДЕРЖАНИЕ**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА  
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY  
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ**

**Белтенев Ж. М.**  
ЕСКІ ЖӘДІГЕРЛЕРДЕГІ АРАБГРАФИКАЛЫ ЭПИГРАФИКАЛЫҚ ДЕРЕКТЕР  
(ҚР ОМА МАТЕРИАЛДАРЫ НЕГІЗІНДЕ).....5

**Асымова Д.Б.**  
ҚАЗАҚСТАННЫҢ XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ  
ОТБАСЫ ФОТОЛАРЫНДАҒЫ БЕЙНЕЛЕРДІҢ ВИЗУАЛДЫ ТАРИХЫ.....19

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ  
MEDIEVAL HISTORY  
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Ошан Ж.**  
ТҮРКІ ҚАҒАНАТТАРЫ ЫДЫРАҒАННАН KEЙІН ТОҒЫЗ ТАТАРДЫҢ ДАЛА  
БИЛІГІНЕ ҮМТЫЛУЫ, ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ КӨШПЕНДІЛЕР АРАСЫНДАҒЫ  
САЯСИ ОРНЫ МЕН ТАРИХИ РӨЛІ.....28

**Aubakirova K.K., Taiman S.T.**  
HISTORICAL AND CULTURAL FACTORS OF THE TURKIC-ARAB  
RELATIONS DURING THE MAMLUKS RULE (13-15 CENTURIES).....36

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ  
NEW HISTORY  
НОВАЯ ИСТОРИЯ**

**Садықов Е.Т., Жүсіпов Н.Қ., Токмұхамедов С.Е.**  
МӘШҰР ЖҮСІПТІҢ ТАРИХИ МҰРАСЫ.....44

**Дүйсебаева А.И.**  
ОСОБЕННОСТИ ОРГАНИЗАЦИИ ИМПЕРСКОЙ ВЕТЕРИНАРНОЙ СЛУЖБЫ  
В КАЗАХСКОЙ СТЕПИ: НА ПРИМЕРЕ ТУРГАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА).....52

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ  
SOVIET PERIOD HISTORY  
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА**

**Кабульдинов З.Е., Рыскулов Т.А.**  
ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ СМАГУЛА САДУАКАСОВА.....62

**Жүсіп Сұлтан Хан, Козыбаева М.М., Маслов Х.Б.**  
О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АЛИХАН БУКЕЙХАНА В ПЕРВЫЕ ГОДЫ  
СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ В КАЗАХСТАНЕ (1920-1922).....69

**Гривенная Л.А.**  
ВОССТАНИЯ И ГОЛОД 1921-1922-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ:  
ПОЛИТИЧЕСКАЯ И СОЦИАЛЬНАЯ РЕАКЦИЯ НА  
АНТИНАРОДНУЮ ПОЛИТИКУ БОЛЬШЕВИСТСКОЙ ВЛАСТИ.....78

**Мусагалиева А.С.**  
О НАРОДНЫХ ВОССТАНИЯХ И ПРОТЕСТАХ В КАЗАХСТАНЕ (1929-1931 ГГ.).....87

**Исенов О.И., Купенов Б.К.**  
1920-1930 жж. ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ҚОНЫС АУДАРҒАН  
ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ: ОЛАРДЫҢ БЕЙІМДЕЛУІ.....96



<b>Төлентаева К.А.</b> ҚАЗАҚСТАНДА ОРТА АРНАУЛЫ КӘСІБИ БІЛІМНІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (XX ҒАС. 20-30 жж.).....	106
<b>Қайыпбаева А.Т., Әбікей А.М.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗАЙЫРЛЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ АҒАРТУ КОМИССАРИАТЫ.....	117
<b>Қабыл А.Ә., Нартбаев Ш.Ж., Мамраймов С.Д.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ 1930-ЖЫЛДАРЫ ҚАРАҚАЛПАҚ ЖЕРІНЕ АУА КӨШҮІ ЖӘНЕ ОҢТҮСТІККЕ ОРАЛУ ТАРИХЫНАН.....	127
<b>Болтаева С.Ж.</b> ТӘШЕНЕВ ЖҮМАБЕК АХМЕТҮЛЫ – КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖЕТЕКШІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕРІ.....	136
<b>Сактаганова З.Г., Ыбырайхан М.Ы.</b> ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1964-1985 жж. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНІҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІ: КОМСОМОЛ-ЖАСТАР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША.....	144
<b>Борбасов С.М.</b> АЛМАТЫДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІ.....	155
<b>ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ HISTORY OF INDEPENDENT KAZAKHSTAN ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА</b>	
<b>Уалтаева А.С., Уалтаев М.Д.</b> ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ НОВЫХ ФОРМ ЗАНЯТОСТИ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ.....	165
<b>Найманбаев Б.Р.</b> ИСТОРИЯ БОРЬБЫ ИНТЕРЕСОВ «СТАРЫХ» И «НОВЫХ» ИГРОКОВ НА МЕЖДУНАРОДНОЙ АРЕНЕ в XXI ВЕКЕ.....	174
<b>ЭТНОЛОГИЯ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ ETHNOLOGY AND ARCHEOLOGY ЭТНОЛОГИЯ И АРХЕОЛОГИЯ</b>	
<b>Әбілсейіт Мұқтар, Тұрарұлы А., Жумабаев А.</b> САРАЙШЫҚТАҒЫ «ХАН МОЛАСЫН» ІЗДЕУ ТАРИХЫ.....	186
<b>Хабдулина М.К., Ғайса А.М.</b> НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ЭЛИТНЫХ МОГИЛЬНИКОВ САКСКОЙ ЭПОХИ САРЫАРКИ.....	196
<b>Оразбаева А.И.</b> ПОЛИТИКО-ПРАВОВЫЕ ТРАДИЦИИ КАЗАХОВ В XV-XVIII ВВ.....	207
<b>Қалшабаева Б.К., Өзбекбай Ә.</b> ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОТБАСЫ ЖӘНЕ НЕКЕ ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ СЫЙ АЛМАСУ ДӘСТҮРЛЕРІ (XIX Ғ. ОРТАСЫ МЕН XX Ғ. БАСЫ).....	216
<b>Арынов Қ.С., Амантуров М.Қ., Малдыбекова Л.Ж</b> ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚТЫҢ ШЫҒЫС ҚАҚПАСЫ: ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	225

**СЫН-ПІКІР  
REVIEW  
РЕЦЕНЗИЯ**

**Аканов К.Г.**

РЕЦЕНЗИЯ НА КНИГУ Б.Г. АЯГАНА:

ИСТОРИЯ УЛУГ УЛУСА – ЗОЛОТОЙ ОРДЫ: КУРС ЛЕКЦИЙ

АЛМАТЫ, «ЛИТЕРА-М» ЖШС, 2020. 224 Б.....236

**МЕРЕЙТОЙ  
ANNIVERSARY  
ЮБИЛЕЙ**

**АЛДАЖҰМАНОВ ҚАЙДАР СЕЙСЕМБАЙҰЛЫНЫҢ**

80-ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҚҰТТЫҚТАУ .....239